

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 12 қарашадағы № 434 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы N 952 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 20 қазандағы № 568 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 20.10.2017 № 568 Жарлығымен.**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Астананың сәулет кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 12 қарашадағы № 434 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 42, 477-құжат; 2008 ж., № 42, 465-құжат; 2009 ж., № 27-28, 234-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Астананың сәулеттік кеңесінің құрамына мыналар енгізілсін:

Нокин - Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын Серік Кеңесұлы үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің төрағасы,

Арат Исодзаки - сәулетші, Жапония (келісім бойынша),

Жан Нувель - сәулетші, Франция (келісім бойынша),

Платонов - сәулет академигі, профессор, Ресей (келісім

Юрий Павлович бойынша),

Роберт Стерн - сәулетші, Америка Құрама Штаттары (келісім бойынша);

"Жүнісов Сәрсембек Ендібайұлы - "Астана қаласының Сәулет және қала құрылысы департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры - Астана қаласының бас сәулетшісі, хатшы" деген жолдағы "департаменті", "директоры" деген сөздер тиісінше "басқармасы", "бастығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Кеңестің құрамынан Қ.О.Омаров, Б. Рикардо, Н. Фостер шығарылсын;

жоғарыда көрсетілген Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Астананың сәулет кеңесі туралы ережеде:

10-тармақтағы "жыл сайын қыркүйек айында" деген сөздер "жылына бір рет" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК